

ДНК және тарих

Орманы мен тоғайы, шөлі мен көлі, тауы мен қыраты, ойпаты мен жазығы кабаттаса өріліп, созыла аққан сансыз өзен-дариялармен өрнектеліп жатқан осынау «Ұлы Дала» деп аталатын алып аймақтың батыс және орта бөлегін есте жоқ ескі замандарда мекендеген тұрғындардың кімдер болғаны әлі күнге белгісіз. Ал олардың тарихқа танылған кезден кейін мәлім болғандарын қазіргі таңда «скиф-сақ халықтары» деп атау қалыптасқан. Алайда бұл халықтарды жалпылама осылай атағанымен, олардың да тегі тектеліп, нақты кімдер екені анықталып, ақиқаты ашыла қойған жоқ. Есесіне, антикалық заман мен ерте ортағасырлардан жеткен көне жазбаларға, археологиялық қазба материалдар дерегіне, тілдік айғақтарға сүйеніп, әр кезеңде өз топшылауларын айтқан тарихшылар мен тілші ғалымдардың олар жөніндегі бір-біріне кереғар түрлі тұжырымдары баршылық. Бұларды жүйелей топтастырсақ, негізінен өзара екі топқа бөлуге болады. Олардың бір тобы – скиф-сақ халықтарын «бірыңғай үндіеуропа тілінде сөйлеген бүгінгі еуропалықтардың ататегі» десе, екіншісі – «бірыңғай түрік тілінде сөйлеген бүгінгі түрік халықтарының ататегі» дейді. Екі жақ та өз пайымдауларын дұрыс санайды. Өз тараптарынан толып жатқан айғақтар ұсынады. Бұлардың пікір қағыстырып, осы екі бағытты ұстанғандарына да ғасырдан астам уақыт өтіп барады. Бірақ ымыраға келтірер шешімін тапқан ортақ ғылыми нәтиже әлі табылмады десе де болады.

Нақты жағдай осылай болғаныменен, еуропалық таным-түсініктің ғылымдағы үстемдігі, жеме-жемге келгенде, үндіеуропашыл ғалымдардың атын оздырып, ресми тарих өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бастап, «скиф халықтары үндіеуропа тілінде сөйлеген» дегенді ақиқаты анықталған тұжырым ретінде ғылыми айналымға енгізіп жіберді. Сол себепті қазіргі ресми тарих ғылымында «скиф-сақ халықтары – еуропалықтардың арғы түп аталары, үндіеуропа тілінде сөйлеген» деген тұжырымның мерейі үстем. Бірақ, солай екен деп, өз пайымдауларынан бас тартып жатқан түріктанушылар тағы жоқ. Олар да өз пайымдауларының дұрыстығына сенімді. Осы бағытта әр кезде әр жерде том-том болып жарияланып жатқан зерттеу еңбектері осының айғағы іспеттес.

Генетика ғылымының соңғы жетістігі – ДНК (*дезоксирибонуклейн қышқылы*) тәсілі көмегімен генетиктер есте жоқ ескі заманда өмір сүрген, бүгінге дейін бізге беймәлім болып келген, халықтардың тегін жаңсақсыз дәл анықтауға қол жеткізді. Сөйтіп генеалогия ДНК-сы мәліметтерінің негізінде көне замандарда Атлант мұхитына дейінгі барлық Еуразия кеңістігін түрік тектес халықтар мен еуропалық халықтардың сонау есте жоқ ескі заманнан христиан эрасына дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасына шейін кезектесе мекендеп келгені белгілі болды. Бұл халықтар араларына 1-2 мыңжылдықты салып, бір-біріне қарсы бағытта, көбіне белгілі бір өңірлер арқылы қоныс аударып отырған көрінеді. Міне, осы қоныс алмасулардан кейінгіге қалған айғақ мұралардың еуроцентристік бағыттағы ғалымдардың «бұл өңірлерді

үндіеуропалықтардың ежелгі отаны» деп жаңсақ тұжырым жасауына себепші болғаны анықталды.

Айтылған ойдың түсінікті болуы үшін жақында жарық көрген Американың Гарвард университетінің профессоры, Дүниежүзілік ғылым және өнер академиясының мүшесі А.А. Клесовтың бес бөлімнен тұратын «Үндіеуропа және түрік тілдері семьясының өзара қатынасындағы негізгі жұмбақтар және оны генеалогия ДНК-сы көмегімен шешуге талпыныс» атты көлемді мақаласында келтірілген, ДНК арқылы анықталған нәтижелерге назар аударып, зерделеп көрелік. Мұнда түрік тектес халықтардың Оңтүстік Сібірден басталған қоныс аударуларының бағыт-бағдары көрсетіліп, қай кезде қайда болғаны айтылған. Жаңсақтық болмас үшін жаңағы мақаладан алған үзіндіні түпнұсқа күйінде, яғни орыс тілінде берелік.

«Тюркскоязычная» гаплогруппа R1b продвигалась из Южной Сибири, где образовалась 16 тысяч лет назад, через территории средневожжской, самарской, хвалынской (в среднем течении Волги) и древнеямной («курганной») археологических культур и культурно-исторических общностей (8-6 тысяч лет назад и позднее; общий предок этнических русских гаплогруппы R1b1 жил 6775±830 лет назад), северного Казахстана (пример – ботайская культура, фиксируемая археологами 5700-5100 лет назад, на самом деле намного древнее), перешла через Кавказ в Анатолию (6000±800 л.н. по датировке гаплотипов современных кавказцев гаплогруппы R1b1b2), и через Ближний Восток (Ливан, 5300±700 л.н.; древние предки современных евреев, 5150±620 л.н.) и Северную Африку (берберы гаплогруппы R1b, 3875±670 л.н.) перешла на Пиренейский полуостров (3750±520 л.н., баски 3625±370 л.н.) и далее на Британские острова (в Ирландии 3800±380 и 3350±360 л.н. по разным популяциям) и в континентальную Европу (Фландрия, 4150±500 л.н., Швеция 4225±520 л.н.). Путь в континентальную Европу с Пиренеев – это путь и времена культуры колоколовидных кубков, предков пракельтов и праиталиков.

Параллельно следы древних носителей R1b прослеживаются на Балканах (4050±890 л.н.), отдельно в Словении (4050±540 л.н.), в Италии (4125±500 л.н.). Это – начало времен тюркских языков в Европе...» (Клесов А.А. *narod 2. ru. – Стр. 1-2.*) Үзінді жеке автордың мақаласынан алынғанымен, мұндағы айтылғандардың бәрі генетика институттарының зертханаларында генеалогия ДНК-сы арқылы анықталған, дұрыстығын ғылым мойындаған деректер деп ұққан жөн. Сондай-ақ мұндағы қолданылған терминдер де соларға тән. Сол себепті келтірілген үзінді мәтінінің, тек арнайы мамандарға ғана емес, жалпы оқырмандарға да түсінікті болуы үшін, алдымен, осындағы «гаплогруппа» терминінің және латын әріпімен көрсетілген белгілердің мәнін түсіндіре кетелік.

Гаплогруппа – гректің *haploos* – «жекеленген», «жай» («простой») және *группа* – «топ» деген мағына білдіретін екі сөздің бірігуінен құралған термин. Мағынасы, бұл арада, «белгілі бір негізден тармақталып жекеленген тілдік, тектік топ» деген ұғымды білдіреді.

R – Адамзат баласының өсіп-өніп, төрт құбылаға тарқатыла тарағанда түпкі тектен, ортақ тілден алшақтап, түрлі тектік, тілдік топтарға бөліну үрдісі барысында өзінен арийлік (*үзіндідегі қолданыста: «үндіеуропа»*) және түріктік тектік топтардың (*гаплогруппалардың*) жіктеліп, бөлініп шығуына негіз болған бастапқы бір тектік топты білдіретін әріптік белгі. Бұл арада **RIa** және **RIb** тектік топтарының бөлінбеген бастапқы негізі.

RIb – әлгі бастапқы тектік топтан (**R**-ден) бөлініп, жекеленгендердің тек түрік тектестерін ғана білдіретін белгі. Ал **RIb1**, **RIb2** – кейін осы **RIb**-дан тарап жекеленіп шыққан бірінші, екінші буынды білдіретін тектік топтар.

RIa – бастапқы тектік топтан (**R**-ден) бөлініп, жекеленгендердің тек арий (*үндіеуропа*) тектестерін ғана білдіретін белгі. Ал **RIa1**, **RIa2** – кейін осы **RIa**-дан тарап жекеленіп шыққан бірінші, екінші буынды білдіретін тектік топтар.

Осы арада ескерте кетер бір жай – мақала авторы А. Клесов бұлардың бәрін тілдік айырымды көрсететін термин ретінде қолданады. Оның **RIb**-ны ежелгі «түрік тілдестер», **RIa**-ны ежелгі «үндіеуропа тілдестер» деп, тілдік тұрғыдан ажырата айырып қолдануы содан. Бірақ бұл негізінде дұрыс емес секілді. Дәлелді нақтылықты білдірмейді. Өйткені автордың бұл арада тілге тиек етіп, пайдаланып отырғаны – тек генеалогия ДНК-сының мәліметі ғана. Ал ДНК-ның дәрмені, біздің пайымдауымызша, адам баласының есте жоқ ескі замандарда қай тілде сөйлегенін емес, молекулада «жазылған» мұрагерлік тегін ғана анықтаумен шектелсе керек. Бұл арада автор қорғандардан табылған қаңқалардың антропологиялық кескіні (*бас сүйегі*) еуропоидтарға ұқсайтындардың бәрін үндіеуропа тілінде сөйлегендерге жатқызып келген бұрынғы қалыптасқан түсінікпен ДНК-ның тектік дерегін тілдік дерекке айналдырып жіберіп отырған тәрізді.

Осы орайда айтылғанға қосымша ретінде мына жайды да еске сала кеткеннің артықтығы жоқ секілді. Бізге белгілі тарихта отырықшылар бауыр басқан өңірлерге сырттан келген арғы-бергі көшкіншілердің қай-қайсысы да барған жерлерінің тұрғындарымен араласып, солардың салт-дәстүрін, тілін қабылдап, біржола соларға сіңісіп, отырықшыларға айналып кетіп отырған. Бұған керісінше, барған жерлерлерінде өз салт-дәстүрін сақтап, өз тілдерін енгізген бірде-бір көшкінші халық не тайпа кездеспейді. Олай болса, бір кезде солтүстік батыстан ауып келіп, Иран мен Солтүстік Үнді жерін мекендеген арий тайпаларының осынау тарихи заңдылыққа керісінше өз тілдерін енгізіп, жергілікті халықтарды арий тілінде сөйлетті дейтіндей қандай негіз, қандай тарихи айғақ бар?! Бұл арадағы бар заңдылық: сырттан келген көшкіншілердің өздері жаулап алған елдің халқынан сан жағынан әлдеқайда аз болуында, яғни аздың көпке «жұтылып», тез сіңісіп кетуінде ғой. Бұған, басқаны айтпағанда, XIII ғасырда осы Иран жерін жаулап алған моңғолдардың түгелдей иран тілінде (*парсыша*) сөйлеп, жергілікті халыққа сіңісіп, парсыланып кеткендері де айқын мысал бола алады. Олай болса, көне заманда Иран мен Үнді жеріне солтүстік батыстан келген арийлерді кейінгі заман деректеріне қарап, иран тілдес (*кең мағынасында үндіеуропа тілдес*) болған деп үзілді-кесілді тұжырым жасау қай тұрғыдан қарағанда да шындықпен еншілеспейтін сияқты.

Бұл – мақала авторының «арий тілі (Ria) үндіеуропа тілі» деп нақтылауына қатысты айтылып жатқан ой. Ал оның материалындағы келтірілген генеалогия ДНК-сы деректерінің жөні бөлек. Онда ғылыми негіз бар. Бұл деректер өз тарапынан, екі бірдей мәселені шешуге көмектеседі. Оның **біріншісі** – түріктердің, қазіргі ресми тарихта қалыптасқандай, х.э. кейінгі VI ғасырда ғана пайда болған жас халық емес, әлемнің ежелгі көне халықтарының бірі екеніне куәлік береді. Бұған дау жоқ. Өйткені бұл арада ДНК көрсеткіші түріктердің ең кем дегенде 16 мың жылдық тарихы барын айғақтап тұр. Бұл және өз тарапынан генеалогия ДНК-сы арқылы Америка үндістерінің тегін анықтаған ғалымдардың «олардың Азиядан кеткеніне 20000-30000 жыл болған» деген тұжырымдарының да негізсіз еместігін көрсетсе керек.

Екіншіден, түрік тектестердің (R1b-дің) сол көне замандардың өзінде бүгінгі Ресей жеріне, Қазақстанға, Кавказға, Анатолияға, Таяу Шығысқа, Теріскей Африкаға, Британ аралдарына, континентальді Еуропаға кеңінен таралғанын көреміз. Демек, бұл – ендігі жерде бұл өңірлерден табылған археологиялық мұраларды бұрынғыдай ешқандай негізсіз, талдап, танып білмей жатып, бірден бірыңғай еуропалықтарға еншілей салудың ағаттығын, онда түрік тектес халықтардың да үлесі болу мүмкіндігін ескеру қажеттілігін дәлелдейтін нақты дерек деген сөз. Мұны мойындау тарихи шындыққа жеткізетін жаңа ізденістерге жол ашпақ.

Осыған орай тағы бір ескеретін мәселе – мұның бәрі, яғни үзіндіде келтірілгендердің бәрі ДНК дерегі бойынша: х.э. дейінгі 16000 жыл мен 3500 жыл аралығындағы жағдай екендігі. Ал Ресейдің Н.И. Вавилов атындағы Генетика институты ғалымдарының анықтауынша: адамзат баласының бастапқы, түпкі тегі Оңтүстік Шығыс Африкада пайда болған және оған 200000 жыл өткен көрінеді. Осы дерек рас болса, үзіндіде сөз болып отырған, бұдан 16 000 жыл бұрын Сібірден оңтүстікке қарай беттеген түрік тектестердің (R1b-ның) арғы ата-бабаларының да бұл өңірге (*Sibirge*) қайдан, қашан, қалай келгеніне қарамастан, олардың да бір кезде өкше көтерген жері – Оңтүстік Шығыс Африка болғанынан хабар береді. Мұны да кейінгі зерттеушілердің есте ұстағаны жөн секілді. Оның үстіне генеалогия ДНК-сы х.э. дейінгі 35-25 мың жылдар шамасында бұл халықтардың әлі **Q** (*сібір халықтары мен моңғол тайпаларының тегін білдіретін тектік топ*) және **R** (*R1b және R1a тектік топтарының тектестік бірлігін білдіретін тектік топ*) тектік тобына бөлінбей, бәрінің ортақ **P** тектік тобында жүргенін айтады. Соған қарап, олардың тілдері де ол кезде бөлінбеген, бәрі ортақ бір тілде сөйлеген деген тұжырым жасалады. Мақала авторы А. Клесов мырза да осы пікірде. Бірақ, соған қарамастан, ол R тектік тобынан жекеленген R1b тектік тобын прототүріктер, ал R1a тектік тобын пра-арийлер деп танып, бірін агглютинативті түрік тілі, екіншісін флективті иран тілі (*кең мағынасында «үндіеуропа тілі»*) дегенді айтады және өз ойларын осы түсінік негізінде түйіндеп отырады.

Бұл арада да автордың мутация негізінде болатын адам баласының антропологиялық өзгеріске ұшырауы арқылы тектік топтарға жіктелуін тілдік жіктелуге айғақ етуі – мәселенің шешімін тапқандыққа жатпаса керек. Бұл,

жоғарыда айтқанымыздай, автордың еуроид кескінділердің бәрін үндіеуропа тілінде сөйлеген деген ескі түсініктің ықпалында кеткендігінің салдары ғана. Өйткені жалпы адамзат баласының алғашқы бастау тілінің қашан, қандай жағдайда, қандай себеп-салдардың негізінде агглютинативтік және флективтік тіл болып бөлінгені әлі ғылымға белгісіз. Бір тілде сөйлеп жүрген R тектік тобының кейін өзара R1b және R1a тектік топтарына жіктелгенде, қалайша, қандай негізде осының біреуінің – агглютинативті, екіншісінің – флективті тілге айналғанының себеп-салдарын автор ашпаған, тұжырымға тірек болар айғағы жоқ.

Қойшығара Салғараұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор